

**Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына жарылғыш материалдардың
Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 25 қараша N 1249

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына 2002 жылғы 14 ақпандағы N 09/2002-Э келісім-шарт бойынша қосымшаға сәйкес номенклатура бойынша және санда "Взрывпром" ашық акционерлік қоғамына (Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы) "Искра" Новосибирск механикалық зауыты" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны (Ресей Федерациясы, Новосибирск қаласы) беретін жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2

ж ы л ғ ы

2 5

қ а р а ш а д а ғ ы

N

1 2 4 9

қ а у л ы с ы н а

қосымша

**2002 жылғы 14 ақпандағы N 09/2002-Э келісім-шарт бойынша
"Взрывпром" ашық акционерлік қоғамы үшін (Өзбекстан**

Республикасы, Ташкент қаласы) "Искра" Новосибирск механикалық
зауыты" (Ресей Федерациясы, Новосибирск қаласы) федералдық
мемлекеттік біртұтас кәсіпорыны беретін тауарлардың саны

 p/c! Тауардың атауы ! СЭҚ ТН ! Өлшем ! Саны !Бірлігінің! Құны
 N ! ! коды !бірлігі! !бағасы АҚШ!АҚШ дол.
 ! ! ! ! !долларымен!ларымен

1 ДШН-8, 360300100 Мың м. 400,0 140,0 56000,0
 М Е М С Т 6 1 9 6 - 7 8

тұтандырғыш бау

2 Электрлі емес 360300900 Дана 150,0 1,46 219,00
 ж а р ы л ы с қ а с е б е п ш і
 ж ү й е Э Ж С Ж - П - 8 Д И Ш В

773979. 008ТУ

3 Электрлі емес 360300900 Дана 120,0 2,25 270,00
 ж а р ы л ы с қ а с е б е п ш і
 ж ү й е Э Ж С Ж - С - 5 0 0 - 2 0

ДИШВ 773979. 007ТУ

Ж и ы н ы :

5 6 4 8 9 , 0

 Жөнелту пункті: Пашино станциясы, Батыс Сібір темір жолы (Ресей Федерациясы).
 Баратын пункті: Бұхара-1 станциясы, Өзбек темір жолы (Өзбекстан Республикасы).
 Шекаралық өту пункттері: Локоть станциясы - Шеңгелді станциясы.